

ЖҰБАН

МОЛДАҒАЛИЕВ



# **ЖҰБАН МОЛДАҒАЛИЕВ**

---

*ШЫҒАРМАЛАР ЖИНАҒЫ*

*Екі томдық*

**ТУҒАН ЖЕР ТЫНЫСЫ**

**1**

*том*

**ОРАЛ - 2000**

**ББК 84-Каз**

**М 66**

**Ақылдастар алқасы:**

**Мәлік ҚҰЛШАР  
Базарғали ҚУАТОВ  
Жанғали НАБИУЛЛИН**

**Марат МҰХИТДЕНОВ  
Мақсат ОМАРҒАЛИЕВ  
Ғайсағали СЕЙТАХ**

ISBN 9965-404-14-13

ББК 84-Каз

## Туған дала жыршысы

Ақын ақын, КСРО және Қазақстан Мемлекеттік сыйлықтарының лауреаты Жұбан Молдағалиевтің қасиетті Ақ Жайық топырағында шыр етіп дүниеге келіп, қияға самғар қырандай алысқа түлеп ұшқанын бүгінде барша халық, соның ішінде батысқазақстандықтар айрықша мақтан етеді десек, артық айтқандық емес. Өмірден озғанына он жылдан астам уақыт өтсе де, Ақ Жайықтың қамысына дейін Жұбан деп ән салып, бүкіл дала оның жалынды жырымен тыныстап тұрғандай. Азамат ақын да ортамызда жүргендей, асқақ даусымен өлең оқып, кере қарыс маңдайы жарқырап, халқының намысын қорғап, сөз сөйлеп тұрғандай көрінеді.

Қазақстан ел болып тұрған кезде өзінің әр дауысты, айбынды Жұбанын мәңгі ұмытпайтыны анық. Оның гибратты гұмыры да көпке өнеге. Сонау Ұлы Отан соғысынан қан кешіп оралса да, қаламын тастамаған жалынды жас бірден қоғамдық өмірге белсене аралысып, көп ұзамай-ақ республикадағы жетекші газет-журналдарда жауапты қызметтер атқарды. Отыз бес жасында «Жұлдыз» журналының бас редакторы болса, кейін Қазақстан Жазушылар одағының бірінші хатшылығына дейін көтерілді. Сонымен бірге Жұбан Молдағалиевтің Одақта да сөзі өшіп, кемесі жүріп тұрды. Ол КСРО Министрлер Кеңесі жанындағы әдебиет, көркемөнер және архитектура саласындағы Лениндік және Мемлекеттік сыйлықтар жөніндегі комитеттің мүшесі, КСРО Жазушылар одағы басқармасының хатшысы ретінде талай-талай қызу жиынға қатысып, елдің күрделі-күрделі мәселелерін шешуге атсалысты.

Ардақты ағамыздың елге сіңірген еңбегі лайықты бағаланды. Шығармашылық табыстары үшін Мемлекеттік сыйлықтарға ие болса, Қазақ КСР-і және КСРО Жоғарғы Кеңестерінің бірнеше мәрте депутаты болып, халық қамын ойлаған қайриткер дәрежесіне көтерілді. Ол екі рет Ленин орденімен, Еңбек Қызыл Ту, «Күрмет Белгісі», екі мәрте екінші дәрежелі Отан соғысы ордендерімен марапатталды. Жұбан ақын 1985 жылы «Қазақстан халық жазушысы» атағына ие болды. Осындай атақ-данқтары бола тұра өмірдің аумалы-төкпелі кезеңінде ол халқының абырой-

ары, қасиетті намысы үшін соның бәрін қиып кете алатындай ерлікке де бара білетіндігін дәлелдеді. 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасы кезінде аласапыран өрт өтінде тұрып, қаһарлы заманның бетіне тура қарап, өткір де өтімді сөз саптап, көптің ортасынан жалғыз өзі сәйгүлікттей суырылып шыққаны елдің әлі көз алдында. «Мен қазақпын, өз халқымды мақтан етемін. Мағин оның қатпарлы тарихы қымбат, ал оның бүгінгі күні одан да қымбат. 17-18 жастағы қыздарды шашынан сүйреп, сабаған жағдайды естіп-білгенде, жасырып қайтейін, осы күнге дейін өмір сүргеніме өкіндім», - деп әділ үкім айтқан да Жұбан болды. Осындай ауыр жағдайды өз жүрегі көтере алмаса да, ол елдің жүрегін жазып кетті. Қалың қазақ сол күнде Жұбанның жалғыз ауыз сөзіне жұбанды. Басын көтеріп, бойын тіктеді. Барша халыққа осылайша араша тұру тек ердің ерінің ғана қолынан келетін еді. Жұбан Молдағалиевтің кең құлашты ақындығымен қатар мұз жарғыш кемедей сірескен қоғамның қорғанын бұзып шыққан батырлығын да біздер орынды мақтан ете аламыз.

Жұбан қайда жүрсе де, өзінің кіндік қаны тамған ауылын, Ақ Жайығын ұмытқан жоқ. Ақ жүрегінен:

«Жұбаным деші, Жайығым,

Жасықсың деме жас тамса,

Туған жер қайдан жай ұғым,

Отан да сенен басталса», - деп тебірене жырлады. Өз даласының кеңдігін, ерлігі мен елдігін Жұбандай жырлаған ақын кемде-кем.

Сол Жайығы, сол даласы Жұбан ақынның 80 жылдығына орай көшелі іс тындырып жатса, озып туған перзентіне деген ел құрметінің бір көрінісі, Шығармаларының екі томдығын шығару да сондай ізгі ниеттен туындап отыр. Қалың ел Жұбанын тағы бір оқысын, көңілге тоқысын деген ниет.

Әрі де талай ұрпақ Жұбан жырын оқып өсетін болады. Лайым соған жазсын!

**Қабиболла ЖАҚЫПОВ,**  
**Батыс Қазақстан облысының әкімі.**

# АНКЕТАМА ҚОСЫМША

## I

Жыл екен жақсылығы жырда қалған:  
Күн екен жарты өлемді нұрға малан.  
Зар жылап, жұбанышқа зарыққан Күн  
Күдайдан бір перзентті ұрлап алған.

Той бопты ұлан-асыр Жыландыда.  
Сойыпты байталды да, құнанды да.  
Аксиып әр қазанда қойдың басы,  
Бал қымыз саба-саба, бұланды о да.

Қаужандап бір тойыпты қарыны аштар.  
Ағылған ақын, әнші дарыны асқар.  
Белдесіп балуандар, бөйге қызын,  
Құмардан шыққан туыс-қарындастар.

Қыздары күйкылжыған жорға мініп,  
Кетіпті көп жігітті орға жығып.  
Аурулар айығыпты сырқатынан,  
Алла емес, адам заңы қорғап бік.

Басқа жер жылады ма, жұбанды ма.  
Шаттықта шек болмаған Жыландыда.  
Бақырып басына елді бір көгеріп.  
Дүниеге келген сөйтіп Жұбан мұнда.

Жә, жетер, жайла, Жұбан, ұял енді.  
Мұндай той кейін туған қиял еді.  
Сен емес, бір ханзада жарық көрсе.  
Шындыққа бұл да, бәлкі, сияр еді.

Сенен де, сыншы достым, сұранамын:  
Ақынның кешіре гөр бір амалын.

Сирактан тартып жатсаң «жерге түсе» деп,  
Салбырап көкте қалай тұра аламың?

Ойлашы немді айтамын прозамен?  
Оллаһи, өзіме онша разы емен.  
Сондықтан жабыстым жыр қанатына,  
Көтеріп тастасын деп біраз өлең.

## II

Әлиқисса, ал басталды өмірбаян,  
(Секілді салған салық о бір маған)  
Әкемнің аты аспапты өз аулынан.  
«Құл» деген руым тек оңірге аян.

Білмеймін неге бұлай атаптың,  
Құлдыққа кімнен қайыр-бата алғаның.  
Адам ба, алласы ма жарылқаған?  
Жазбапты шежіреде атам халың.

Ұқты ма ханға кара тең келмесің,  
Өзге атты әлде өзінің менгермесің,  
Әйтеуір құлдар бұғып жүре берген,  
Өсті тек мәртебесі мен келмесің.

Ғафу, дос, тағы бәлкі, артық кеттім,  
Өзіме күш-қүдіретін артып көптің.  
Дәуірдің өзінше айтып, өзі болып,  
Келеді кереметті қарпып кеткім.

Мен - Жұбан - төрт баланың кенжесі едім  
(Көргем жоқ шабылғанын мен десе едің).  
Қаспаққа қасарысып таласам деп,  
Кенет бір сырын аштым кем-кеселің.

Ағамның болды мүлде сөзі басқа:  
«Баланың ашпа дуган - көзі аста...»

Сарт етті миыма кеп осы мақал,  
Жатқандай қаспақ қырын өзі баста.

Жанардан ыршып шықты жас шынымен,  
Жалғасып жан дүниемнің ашы үнімен.  
«Бас қайғы байтал түгіл» дегендей-ақ,  
Туыппын аты шулы аш жыны мен.

Ел тұрсын өз үйімде той болмаған.  
Соятын құнан қайда, қой болмаған.  
Әйтеуір Жұбаныш деп ат қойыпты,  
(Ал менде жұбатудан ой болмаған).

Ұзамай өліпті әкем Молдағали  
Бола алмай ол да молда, ол да Ғали.  
Шырылдап жатыппын мен, күтсіз бобек.  
Обадан қырылғанда ондаған үй.

Ақыры жалғыз қалдым баладан да.  
Бір мені бірегейге санаған ба?  
Қаспаққа ортақ ауыз болмасын деп.  
Жасаған жағдайыма қараған да...

Анашым - аты Зеріп - беріде өлді,  
Ұлына сүтін, күшін беріп өлді.  
Әйелдің алдияры, ақсұнқары,  
Аптапқа, аязға да берік еді.

Жарықтық ұлға да ана, Құлға да ана.  
Әке де өзі болды түл балаға.  
Жасасып жана өмірді туган жерде,  
Жағысып кетті жарқын нұр далаға.

Кешкүрым жырлап қазақ дастандарын,  
Жаныма шашып еді жастан жалын.  
Тежеусіз тоя ішкенім өлең болды,  
Сол еркін жамылғаным, жастанғаным.

Ақындық жұқса, жұқты сонда маған.  
Жыр жайлы ойланды алғаш ондағы адам.  
Қалды іште, сыртқа шықпай бірер шумак,  
Ешбір қол өндемеген, ондамаған:

«Көрінген сонау жердің қиығы екен,  
Жалғыздық, әкесіздік қиын екен...»  
Жасырдым бұл сырымды анамнан да.  
Кеудеме өлең нұрын құйып өткен.

### III

Қанша жол, қанша тағдыр, қаншама арман  
Басталды, шіркін, біздің комсомолдан?!  
Басы сол менің өмірбаянымның,  
Өткізген күрес, майдан, қансонардан.

Тұрғандай қолыма ұстап ерке таңды,  
Толтырдым сонда тұңғыш анкетамды.  
Жаздым мен «Мың тоғыз жүз жиырма» деп,  
Тебірендім, сия сірә әнтек тамды...

Әрісі, берісі не бірер айдың?  
Ер жетсем ерте, бәлки, келер айбын.  
Жазылды содан бері қанша қағаз -  
Жабсаң ше, жасырынар нелер айдың.

Қылтып суреті де түр басымның...  
Сонымен республика құрдасымын.  
Басқаның өлер жылдан бәрі алдыңда,  
Аз десең анкетаны, жырда сырым.

Сыры бұл аңқылдаған бір жүректің.  
Суы емес құр сүлдердің, былжыр еттің.  
Өзінше оты да бар, қаны да бар.  
Келмейді былдырлағым, бұлдыр еткім.

Білмеймін бөлінуді, ру заңын,  
Білемін бір жатақта тұру заңын.  
Ұлына Отан-ана болса риза,  
Мен оған өле-өлгенше ризамын.

Нұрлы да туған елден ұлы да ел жоқ,  
Қалайша жыр етермін мұны селсөк?  
Мен үшін бұл дүниеде, күн астында  
Құп-күйттай өз үйімнен жылы жер жоқ.

Жарда да жоқ Софьямдай жер бетінде,  
Жел болып бір тимеген ел бетіне.  
Қуаныш, Қуандығын, Азаматын  
Ананың сусындатқан шербетіне.

Гүлмирам - алтын қызым, бота көзім,  
Танытар дала кейпін, ата көзін.  
«Папа» деп мен айтқам жоқ, айтады олар,  
Қызыққа, қызғанышқа батам өзім.

Төрт перзент - үш жас бүркіт, ерке елік.  
Бір кезде біз де осындай төртеу едік.  
Жоқ, жоқ, жоқ, бұл төртеудің тағдыры өзге,  
Біз болсақ бұлар үшін ерте келдік.

#### IV

Өскем жоқ құран оқып, құдай танып,  
Ғашық та болған емен ұдай талып.  
Ел, ана - биік ұғым өз алдына,  
Сүйгенім - өлен ғана құлай тауып.

Сұлуға сұқтанғам жоқ азайын деп,  
Сыр тарттым махаббатты жазайын деп.  
Ізdedім шараптан да жырға жалын,  
Тапқан аз, тартқан, бәлки, сазайым көн.

Жол бар ма жөні келсе бұрылмаған?  
Жолаушы аз шөл, аязға ұрынбаған.  
Бірде бұлт, бірде күнгей Алатау да  
Дүниенің ұқтырғандай сырын маған.

Мен үшін асқак мұрат өкілі өлең.  
Жазамын жүрегімнің өкімімен.  
Өтсем тек адам бөлмай, әулне боп.  
Өмірге келгеніме өкінер ем.

Ешқашан елден оқшау жүрмедім мен.  
Тәж-тақ та іздемеймін жер-көгінен.  
Ақын аз, ақын болып күнелткен көп,  
Сақтасын сондай көптің дүрмегінен.

Теңізін дауылда да сағалаған,  
Ақынның айырымы не шағаладан?  
Өленді о дүниеге апармаймын.  
Бәйекпін қалдырсам деп саған. адам.

## V

Жыланды - ат шаптырым жердің аты,  
Шыққан жоқ ол арқылы елдің аты.  
Жыланды - күміс канал - жаңа өзен,  
Тербейді, толқытады жел қанаты.

Жыланды жайрандайды, жыланбайлы,  
Жоғалды жылан зәрі, лаң қайғы,  
Шағысып атар таңмен, батар күнмен,  
Жыланды қылаңдайды, сылаңдайды.

Талайды таңырқатты, табындырды  
Шалқыған көк теңіздей шабындығы.  
Ішіне түскен жаяу шыға алмайды,  
Мені де сабылдырды, шабылдырды.

Жоқ енді жер-су дауы, барымтасы.  
Еңбек, жыр, ұрпақ қамы - бар ынтасы.  
Той да көп, тоят та көп - қайтың жағыр  
Аш жылы туғандардың қарымтасы.

Сонымен білмек болса Жұбанды кім,  
Өлеңде, өмірде де Жұбан бүгін -  
Құлы да қожайыны ұлы елдің,  
Тұрақты өкілі әрі Жыландының.

1969





Жолшыбай тағы кір шалар,  
Сонда да, сәулем, жерінбе!  
Қадірі мол қасиет бар  
Солдаттың ащы терінде.

Қан майданда жүр солдат  
Қамы үшін туган елінің.  
Айқаста жауды талқандап,  
Ақтайды халық сенімін.

Басталды жеңіс жорығы,  
Басталды жорық ғаламат.  
Жаршысы етіп мен соның  
Жолдадым саған, жаздым хат.

Қарайын мен де қайтып кел.  
Сақтап қой, жырттың тастама.  
Сен де оқы солдат хаты деп.  
Мақтаныш етіп басқаға.

Соғыс бігер, шалқыр күй.  
Болайық тойдан үміткер.  
- Сүйе білсең, сондай сүй! -  
Деп жүрсін қыз бен жігіттер.

1943

### 3

Құйғытың аспан көгінде,  
Құлдырап құстай, сәлем хат.  
Жетші сен туган жеріме,  
Жеткізші менен аманат.

Тайпақтан сонау тапшы іздеп,  
Майданшы солдат анасын.  
«Қарағым қашан қайтар» - деп,  
Сағынған нұрғар баласын.

Мен болып ыстық аймалап,  
Мен болып сүйші бетінен.  
«Сағынған келсін» деп, арнап  
Салады сүрі етінен.

Төріне сені қояды,  
Боласың құтты қонағы.  
Шайын да қою құяды,  
Секілді қына бояуы.

Сөйлерсін сонда ерлердің  
Талайды азат еткенін,  
Қайтарып туған ел кегін,  
Жау шебін бұзып өткенін.

Адаспай баршы, сәлем хат,  
Ардақты Жайық бойына.  
Ұлдарын күтсін - аманат -  
Сайлансын Жеңіс тойына.

Тайпақтан сонау тапшы ізден.  
Майданшы солдат анасын.  
«Қарағым қашан қайтар» деп  
Сағынған шығар баласын.

1944

## ТУҒАН ЕЛГЕ

Қазақстан!  
Сүйікті  
Туған үй, туған елімің.  
Асық атып, дон қуып,  
Асыр салған жерімің.

Бөленіп гүл мен нұрыңа,  
Бағыңда ойнап күлгенмін,  
Таныңда сайрап бұлбұлға  
Ән қосып жырлап жүргенмін.

Сен есіме түскенде  
Көңілім бұлттан ашылып.  
Тасиды жана күш менде,  
Жабыққаным басылып.

Сен есіме түскенде,  
Құшағын анам ашқандай.  
Жауыма қарсы өшпенде  
Шабамын оқтан жасқанбай.

Ойымнан, сірә, қалмайсың,  
Жүрсем де майдан төрінде.  
Жүректің отын жалғайсың  
Жеңістен соңғы өмірге.

Туады сол күн біздерге,  
Дұшпанды жеңіп келеміз,  
Күлімдеп қарап жүзіңе,  
Баурыңа еркін енеміз.

1942



## ҚАЗАҚ

Майданның алғы шебінде  
Жолықтым сотқар солдатқа.  
Айқасты талай  
Тегінде  
Салғандай сірә ол да артқа.

Қара сұр, қатал пішінді,  
Жазық жаурын, сом дене.  
Омырауында қос орден.  
Көз тартпасын оя неге?

Таныдым:

Қазақ -

Сар дала.

Сөйлесу болды құмарым.

- Кімсің? - деп бірақ сонда да,

Орысша сөйлеп сұрадым.

Оқтай өткір көзімен

Қадала маған қарады.

- Қазақ! - деді бір кесіп,

Сол болды барша жауабы.

- Қайдағы, - дедім, - қазақсың?

(Қай жерден келдің дегенім.)

Естілді сұрақ мазақша,

Ұқпады жігіт не мені.

- Кескіңіңе қарасам,

Жөн білгендей адамсың.

Қазақты әлі білмейтін

Қайдан шыққын надансың? -

Деді солдат ызғарлы,

Шытына сөйлеп, өктемдей.

Сөзі де, отты көзіндей,  
Өңменді тесіп өткендей.

- «Қазақ» деп сонша шіреніп,  
Менменсіп неге сыздайсың.  
Баста алға, бірге жүрелік,  
Жөніңді айт, жігіт, қызбай, шып.

- «Қайдағы казак» дегенге  
Ызамын, қайран қаламын.  
Білмейтін бар ма ел-елде  
Ер халқын байтақ даланың.

Алдында ажал тұрса да,  
Қаймықпаған, қайтпаған,  
Әр сөзі аңғтай құрсанған,  
Ешқашан екі айтпаған,  
Өмірін құрбан етсе де,  
Намысын жауға сатпаған,

Атаның ерлік дәстүрін  
Арындай биік сақтаған,  
Анасының ақ сүтін  
Кіршіксіз адал ақтаған  
Кім еді, соны білемісің?  
Ол - қазақтың баласы.

Ел шетіне жау тисе,  
Қасқая қарсы шығатын,  
Көш құлаш көк сүңгісін  
Көкіректен сұғатын,  
Қаусатып дұшпан ордасын,  
Көтерген туын жығатын,  
Қадалған жерден қан алған,  
Қанын сығып жан алған  
Кім еді, сен білемісің?  
Ол - қазақтың баласы.

Күн күзетіп, түн қатып,  
Азаттық үшін алысқан,  
Дауылда туын шулатып  
Ер қасына шанышқан,  
Исатай, Махамбеттердей  
Ұл туған Халық кім еді?  
Білмесең, баурьғм, біл енді:  
Ол - казак, менің ер халқым.

Богадай көзі мөлдіреп,  
Жандыра жанды қараған,  
Үлбіреп өңі, өндірдей,  
Он өрліп шашын, тараған,  
Қиын-қыстау заманда  
Ел қорғауға жараған  
Қыз өсірген кім еді?  
Ол - казак, менің ел-халқым.

Қиқулап қырдан шапқанда  
Құлдырап, құстан озатын,  
Шапқан сайын ақпандап,  
Тізгінін керіп созатын,  
Атойлап ұран салғанда  
Делебесі-ақ қозатын  
Арғымақ етіп ат мінген  
Батырды көрген кім еді?  
Ол - казактын ер елі.

Қару ұстап қолына,  
Азаттық үшін аттанып,  
Ұлы Октябрь жолына  
Шақырып, дабыл қақты алып.  
Сол алып - орыс халқымен  
Қоян-қолтық бірлесіп,  
Оянып Ленин даңқымен.

Туына оның ілесіп,  
Тұрмыстың қара түндігін  
Нұрымен таңның тілді кім?  
Таныды сөнбес күнді кім?  
Күндей сол нұрлы күлді кім?  
Қазақ та соның біреуі.

Өткенді, достым, білмесең,  
Білерсің, бәлки, жаңаны.  
Қазақты жақсы таниды  
Жаудың да енді адамы.  
Қазақтың да кикүуі  
Советтік ерлер сапында  
Жаңғырдырды даланы,  
Жаудан ол кегін алады,  
Берлинге де барады.

Атақты қызыл офицер  
Айқаста пісіп, сыналған,  
Айлалы, әрі айбарлы,  
Ақылы биік шынардан,  
Сан шайқаста қол бастап,  
Талқанын жаудың шығарған,  
Өжет ері Отанның,  
Қаһарлы, қайсар, қаһарман  
Момышұлы Бауыржан,  
Ол да - қазақ баласы.

Қан сасыған ұрыста  
Қаймықпаған, саспаған,  
Шыңдалып отта құрыштай,  
Ерлерді алға бастаған.  
Батыр Мәлік Ғабдуллин,  
Ол да - қазақ баласы.

Қырғидай тиіп жауына,  
Күн-түні дамыл бермеген.

Аранын ашқан ажалдан  
Айылын жиып көрмеген,  
Екі жүз алпыс фашисті  
Жоқ қылған, көрсіз «жерлеген»  
Атақты мерген, ер кеуде  
Әбдібеков Төлеу де -  
Бел баласы қазақтың.

Бізде мұндай өрендер  
Біреу емес, мындаған.  
Симайды олар өлеңге,  
Болар ең қанша тыңдаған?  
Ұлы Отан соғысы  
Жеңіспен тынған кезінде,  
Шежіре, дастан тоғысып,  
Оқырсын бәрін өзін де.

Әрбір оғын  
Жауының  
Жүрегіне кадалтқан,  
Қара темір құрсанған  
Танкті де қиратқан,  
Батылды да білерсің,  
Бір өзі жүзбен шайқасқан  
Батырды да білерсің.  
Қазақтың мен де бірімін,  
Сүйемін туған халқымды.  
Досқа - құл,  
Жауға ірімін.  
Білемін, ия, нарқымды.

Ұлымды мақтан етемін.  
Дұрыс па мұным, бұрыс па?  
Бөгелдім, ойбай, кетейін,  
Кіремін тағы ұрысқа.

Ал өзін кімсің, ағайын, -  
Деп тынды жігіт, декпірлім.  
- Мен де сендей  
Қазақтың  
Баласымын, - деп күлдім.

- Түсіндім, - деді - сырынды:  
Сыр тартып ептеп, сыналап.  
Сен, журналист жырынды,  
Болғансың мені сынамақ.

- Сендейден халық  
Үмітті.  
Ұлы бол елдің, қазақтың, -  
Деп құшақтап жігітті  
Ұрысқа қайта ұзаттым.

- Қазақтан қазақ туады, -  
Деп кетгі жүре тіл қатып.  
Ойы отты, аузы дуалы  
Жан екен жырға бұл қатық.

Болды-ау деп уақыт аз-ақ тым,  
Өкініп кейін аттандым.  
Мен де бірі қазақтың  
Болғанымға мақтандым.

1943



## САҒЫНДЫМ, ЖАЙЫК

Сағындым сені, Жайык, алма бакты,  
Өткізгем өз бойында жастық шақты.  
Сүюші ем төңкерілген толқыныңды.  
Сылқылдап соғып жатқан жаркабакты.  
Суына қармақ салып, ілгем талай  
Күмістей жалтыраған ақ шабакты.  
Елімнің, еркіндіктің ерке өзені.  
Өзенсің өзегің кен маркабатты.

Сен десе елестейді туған жерім,  
Көркейткен мөлдір суын жер бедерін,  
Күрбымен, құрдастармен күліп-ойнап,  
Желбегей желді түнде жүргендерім.  
Жағанда ойға шомып отырғаным.  
Қиялдың кезек басып пернелерін.  
Ең кемі, туған жердің топырағы да  
Жүрегін толқытады жауынгердің.

Асынып аттанарда қару-жарак,  
Серт еткен ұландарың саған қарап.  
Толқының тіл қатқандай болды бізге:  
«Жағамды жүрмесін, - деп, - жау аралап!»  
Есінде жүрдің, Жайык, сіеріңнің  
Шапқанда атақаға сан «уралап».  
Сонда біз сен үшін де соғысқанбыз.  
Ұшынан штыктардың қан сорғалап.

1944

## ШЫҒЫСТА ТУҒАН ЕЛІМ БАР

Шығысқа, сонау Шығысқа  
Көз талғанша қараймын.  
Басылмайды құмарым  
Қарасам да талай күн.

Ешбір желді сүймеймін  
Өз өлкемнің желіндей.  
Сол ғана маған қадірлі  
Елімнің ыстық деміндей.

Құс ұшса да ол жақтан,  
Келуін күтем тұсыма.  
Қуанам сол құс ұксаса.  
Өз елімнің құсына.

Ол жаққа тағы қараймын  
Қолға алам да қарғаны.  
Шығыста - туған елім бар.  
Жүрегім соған тартады.

1945

